

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
30.03.2022 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 30.03.2022 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі алтыншы мәселе – «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркі Академиясы арасындағы Түркі Академиясын орналастырудың шарттары мен тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Аймағамбетов Асхат Қанатұлына беріледі.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркі Академиясы арасындағы Түркі Академиясын орналастыру шарттары мен тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы енгізіліп отыр.

Түркі Академиясын құру Қазақстанның бастамасымен 2009 жылы өткен Түркітілдес мемлекеттер басшыларының ІХ саммитінде көтерілген болатын. Содан кейін Түркі Академиясы 2010 жылы Түркі әлемін зерттеу ғылыми орталық ретінде жұмыс істеді. 2014 жылы халықаралық статуска ие болады. Академияның басты мақсаты – түркі тілдерін, әдебиетін, мәдениетін сақтауға, дамытуға және танымал етуге бағытталған түркология саласындағы зерттеулерді жүргізу.

Қазіргі таңда академияға мүшелікке Қазақстаннан басқа Қырғызстан, Әзербайжан және Түркия еніп отыр, ал Венгрия бүгінгі күні бақылаушы ел мәртебесіне ие болып отыр.

Академияның штаб-пәтері Нұр-Сұлтан қаласында орналасқанына байланысты келісімнің мақсаты елімізде жұмыс істеу кезеңіндегі Түркі Академиясының мәртебесін, оның артықшылықтары мен иммунитеттерін айқындау болып табылады.

Академияда бүгінгі күні 17 адам жұмыс істейді, оның ішінде екі қызметкер шетел азаматтары.

Келісім күшіне енгеннен кейін академияның жергілікті және шетелдік қызметкерлері Сыртқы істер министрлігінде аккредитациядан өтуі тиіс болады.

Академия ғылыми-зерттеу жұмыстарымен, кітаптар, журналдар шығарумен, түркі елдерінің атакты ғалымдарына халықаралық форумдар мен конференциялар өткізуде, түркология бойынша ғылыми жұмыстар жүргізуде бүгінгі күні үлкен белсенділік танытып келеді.

Түркітілдес мемлекеттер ұйымына қатысушы елдермен ынтымақтастықты нығайтудың және Қазақстан Республикасының түркі әлеміндегі рөлін арттырудың маңыздылығын назарға ала отырып, аталған заң жобасын қарастыруларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Ержан Құдайберген Төлепұлы.

ЕРЖАН Қ.Т. Рақмет.

Менің сұрағым баяндамашыға арналады.

Құрметті Асхат Қанатұлы! Келісімнің 14-бабының 3-тармағына сәйкес академияның президенті, вице-президенттеріне және ғылыми қызметкерлерге халықаралық ұйымдардың тиісті дәрежедегі лауазымды адамдарына берілетін артықшылықтар туралы айтылған. Бірақ аталған артықшылықтар келісімде нақты көрсетілмеген.

Айтыңызшы, жоғарыда көрсетілген тұлғаларға қандай нақты артықшылықтар көзделген?

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Сұрағыңызға рақмет.

Осы келісімнің 13 және 14-баптарында бұл мәселе қарастырылған. 13-бапта академияның президенті мен вице-президенттерінің артықшылықтары нақты көрсетілген.

Осы құжатта көрсетілгендей, ол 1961 жылы қабылданған Вена конвенциясының шеңберінде іске асырылатын болады. Бірақ негізінен бұл жерде біз бір мәселені бөлек қарастырып отырмыз, яғни осы ұйымның президенті немесе вице-президенті Қазақстан мемлекетінің азаматы болса, онда бұл артықшылықтар ол азаматқа қарастырылмайды. Вена конвенциясына сәйкес бұл тек басқа мемлекеттің азаматтарына тиесілі артықшылықтар. Басқа қызметкерлердің артықшылықтары мен иммунитеттері 14-бапта көрсетілген және бұл да халықаралық тәжірибенің негізінде көзделген.

Айта кету керек, түркі мемлекеттері елдеріне тиесілі бірнеше ұйымдар бар, мысалы, ТүркПА, ТҮРКСОЙ. Осы ұйымдардың жұмысы бойынша қабылданған басқа да келісімшарттардың негізінде дәл осы артықшылықтар да қарастырылған. Сондықтан бұл жерде басқа айырмашылық жоқ.

Ғимаратына келсек, ол да осы келісімшартта қарастырылған, яғни ғимаратқа халықаралық ұйым мәртебесі беріліп, дәл сондай артықшылықтар көзделген.

ТӨРАҒА. Жақсы. Рақмет.

Депутат Елюбаев Мәди Сағынтайұлы.

ЕЛЮБАЕВ М.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Сыртқы істер министрлігінің өкіліне арналады.

Халықаралық Түркі Академиясының халықаралық аренадағы маңызды рөлі бізге түсінікті, дегенмен қоғамда әртүрлі жағдайлар болып қалуы мүмкін.

Келісімнің 5-бабының 4-тармағына сәйкес қабылдаушы ел академияның немесе оның қызметкерлерінің қабылдаушы елдегі қызметінен туындайтын қылмыстық сипаттағы әрекеттері болса, еш жауаптылыққа тартылмайды. Алайда өмірде әртүрлі жағдайлар болып қалуы мүмкін, мысалы, егер академияның қызметкері қызмет бабымен көлігімен жүрген кезде елдің бір азаматын қағып кетіп мерт қылса, ол қызметкерге қандай жауаптылық қарастырылған? Және бұл іс бойынша тергеу қалай жүргізіледі? Жалпы, біздің қоғамымыз Түркі Академиясының қызметкерлерінің заңсыз әрекеттерінен қалай қорғалады? Осыны егжей-тегжейлі түсіндіріп берсеңіз.

ТӨРАҒА. Сыртқы істер министрлігінің өкілі.

НҰРЫШЕВ Ш.Ш. Сұрағыңызға рақмет.

Біріншіден, президент, вице-президент лауазымдарына тағайындаудан бұрын барлық кандидатуралар барлық тараптардың келісімінен өту керек, яғни олар бұрын қандай қызметте болды, қандай заң бұзушылықтары болды, тәртіпсіздіктер болғаны-болмағаны туралы толық ақпарат береді. Сондықтан әр мемлекет ол кандидатураны лауазымға тағайындамас бұрын барлығын қарайды, мысалы, егер оның пиғылдары, қылықтары, теріс ойлары болса, сол кезде-ақ шектеу қояды. Ал егер тағайындалғаннан кейін президент немесе вице-президент бір жазатайым жағдайға ұшыраса, онда Вена конвенциясына сәйкес ол қылмыстық қудалаудан босатылады, яғни Қазақстан жерінен депортацияланып, оған өз мемлекетінің заңы бойынша тергеу жүргізіліп, іс қозғалуы мүмкін. Президентте, вице-президентте, шетел азаматтарында иммунитет болғандықтан біз Қазақстанның заңы бойынша оларды әкімшілік, қылмыстық заңнама бойынша қудалай алмаймыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлы.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Асхат Қанатұлы! 2014 жылы қабылданған «Түркі Академиясын құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тараптардың міндетті жарналарын Сыртқы істер министрлерінің кеңесі белгілейді.

2022 жылдан бастап жарналардың мөлшері бойынша 44,5 пайыз жарна мөлшерінің басым бөлігін Қазақстан мойнына алып отыр. Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Бұл меже жыл сайын өзгеріп отыра ма? Және осы жарналар көлемі қатысушы мемлекеттердің арасында қалай бөлінеді? Осыған жауап берсеңіз.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Дархан Қамзабекұлы.

Негізінен бұл шын мәнінде солай. Бұл қалыптасқан тәжірибе деп те айтуға болады. Осындай бірнеше халықаралық ұйым бар, оның ішінде ТҮРКСОЙ мен Түркі мемлекеттері ұйымының хатшысы бүгінгі күні Түркияда орналасқан. Сол хатшылыққа тиесілі жарна да дәл осындай мөлшерде

белгіленген. Олар Түркияда орналасқандықтан, 46 және 50 пайызы сол Түркияға тиесілі. Ал ТүркПА Бакуда орналасқандықтан, Әзербайжанның жарнасы да дәл осындай мөлшерде. Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан ұйымның жарнасы да дәл осындай тәжірибемен бекітіліп отыр. Сондықтан дәл осындай шешім қабылданды.

Егер басқа мемлекеттердің жарнасын қарайтын болсаңыздар, бұл жерде де әртүрлі өзгешіліктер бар, яғни мемлекеттердің экономикалық қуаттылығына да байланысты қарастырылады. Оның өзінің арнайы әдістемесі бар, сол әдістемеге сәйкес басқа да түркітілдес мемлекеттердің ұйымдары жұмыстарын жүргізуде.

Сұрағыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Әлтай Аманжол Дүйсенбайұлы.

ӘЛТАЙ А.Д. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Асхат Қанатұлы! Түркі Академиясының түбі бір түркітілдес мемлекеттердің рухани әрі ғылыми интеграциясын жандандыруға әсер ететін рөлі маңызды.

Академияның негізгі мақсаты түркітану бойынша ғылыми зерттеулер саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу және түркі халықтарының мәдени және рухани мұрасына, олардың әлемдік өркениетті дамытуға қосатын үлесін айқындайтын зерделі зерттеулер жүргізу болып табылады.

Осыған байланысты Қазақстан тарапынан академияның қомақты қаржыландырылуын ескере отырып, академия жүргізген ғылыми зерттеулер қазақстандық немесе түркі әлемі ғылымының әлеуетін дамытуға қандай үлес қосты? Академияның жоба-жоспарлары жөнінде айта кетсеңіз.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Аманжол Дүйсенбайұлы, сұрағыңызға көп рақмет.

Бұл біз үшін, біздің ғылым үшін өте маңызды ұйым, сондықтан Білім және ғылым министрлігі осы мәселемен айналысуда.

Жалпы, осы уақытқа дейін академия біраз ғылыми жұмыстарды паш етті, оның ішінде 12 тілде 150-ден астам кітап шығарылған, оны өздеріңіз жақсы білесіздер. Бұл түркітану бойынша өзіндік бір орны бар үлкен ұйым деп айтуға болады.

Қазіргі уақытта әртүрлі оқулықтар дайындау бойынша да Түркі Академиясы үлкен жұмыс жүргізіп жатыр. Қазіргі уақытта, мысалы, түркітілдес мемлекеттердің ортақ әдебиеті бойынша, ортақ тарихы бойынша, ортақ географиясы бойынша оқулық дайындады. Бұл оқулық қазіргі уақытта біраз түркітілдес мемлекеттердің бағдарламаларына еніп, балалар ортақ тарихты оқып жатыр деп те айтуға болады. Бұл да академияның үлкен бір бағыттарының бірі.

Келесі бір үлкен бағыт – археологиялық қазбалар. Мысалы, қазір Моңғолия мемлекетінің территориясында үлкен қазба жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл да өте маңызды бағыттың бірі. Сондай-ақ Қазақстанда және басқа

да мемлекеттерде осындай археологиялық қазба жұмыстары да жүргізілетін болады.

Сонымен қатар Алтын орданың тарихы бойынша, Алаш қозғалысының тарихы бойынша Түркі Академиясы үлкен зерттеулер, жұмыстар жүргізіп жатыр.

Тағы бір үлкен бағыттың бірі – біздің ұлы тұлғаларымызды ЮНЕСКО деңгейінде, түркітілдес мемлекеттер деңгейінде дәріптеу, ұлықтау. Мысалы, академия әл-Фарабидің мерейтойына, Жамбылдың мерейтойына, Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойына қатысты, басқа да мемлекеттерде ЮНЕСКО деңгейінде үлкен іс-шаралар өткізіп жатыр.

Түркология бойынша айтатын болсақ, өздеріңіз білесіздер, Түркі Академиясының арқасында қазіргі уақытта түркология бойынша ең белсенді, ең танымал ғалымдар Қазақстанда шоғырланып, өздерінің ғылыми жұмыстарын жүргізіп жатыр. Бұл да біздің еліміз үшін, тарихымыз үшін маңызды бастама. Сондықтан осы жұмыстарды жалғастыратын боламыз.

Алдыңғы жылы Ыстамбұл қаласында түркітілдес мемлекеттердің білім және ғылым министрлері жиналып, академияның алдыңғы жоспарларын бекітті. Дәл осы бағыттар бойынша ғылыми іздестіру жұмыстары жалғасатын болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Паяев Айбек Мінаимбекұлы.

ПАЯЕВ А.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Асхат Қанатұлы! Түркі Академиясын құру туралы келісімге 2012 жылы қол қойдық және Қазақстан оны 2014 жылы ратификациялады.

Осы келісімнің 6-бабына сәйкес тараптар академия атынан академия президентіне Қазақстан Үкіметі мен Түркі Академиясын Қазақстан Республикасының аумағында орналастыру шарттары мен тәртібі туралы келісім жасасуға өкілеттік берді.

Түркі Академиясын орналастырудың шарттары мен тәртібі туралы келісімге 2020 жылғы қарашада қол қойылды, 2022 жылғы 10 қаңтарда ратификациялауға енгізілді. Осыған байланыста менде екі сұрақ бар.

Бірінші. Неліктен осы құжатқа қол қою ұзаққа созылған, яғни алты жылға?

Екінші. Дайын келісім неге мемлекеттік органдардың арасында бір жыл рәсімделген? Бұл сонда бюрократия ма, жоқ, бұған дәлелді бір себептер бар ма? Рақмет.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Сұрағыңызға рақмет.

Сұрағыңыз түсінікті. 2009 жылы саммитте ең алғашқы болып біз осы бастаманы көтерген болатынбыз. Бұл 2010 жылы құрылды, бірақ негізінен заңнамалық тұрғыда 2014 жылы шешім қабылданды. Сіздің алты жыл деп отырғаныңыз дәл осы мәселе. 2014 жылы шешім қабылданды, одан кейін ол шешімді іске асыру үшін барлық мемлекеттер консенсус ретінде бір шешімге келуі керек. Кейбір мемлекеттер бұл шешімге толық келіспеді, сондықтан ол мемлекеттермен әрі қарай келісімдер жүргізілді. Бір шешімге келдік, бірақ үш

жылдай мемлекеттердің саммиті өтпеді. Саммит өтпесе, мемлекет басшылары жиналмаса, шешім қабылданбайды. Саммит 2019 жылы өтті. Сол саммитте шешім қабылданып, мемлекеттердің үкіметтеріне тиісті тапсырмалар беріліп, 2020 жылы қарашада келісімшартқа қол қойылды. Содан бері мемлекеттік органдарда тиісті рәсімдерден өтті. Тиісті министрліктерде нақты іске асыру механизмдері туралы мәселелер талқыланды. Барлық мәселелер зерделеуден, талдаудан өткеннен кейін тиісті рәсімдер жасалып, Парламентке енгізілді. Сондықтан осындай дәлелді себептері бар. Осы мәселені қарастырып, шешім қабылдауларыңызды сұраймыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Ожаев Нұрлыбек Жұмахметұлы.

ОЖАЕВ Н.Ж. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Сыртқы істер министрінің өкіліне жолданады.

Бүгінгі каралып отырған келісімнің 14-бабы 6-тармағына сай біздің тарап қабылдаушы ел ретінде Қазақстанның заңдары мен қағидаларын өрескел бұзғаны үшін академияның кез келген қызметкеріне берілген иммунитеттен бас тартуды талап ете алады. Осы ретте екі сұрағым бар.

Бірінші. Қандай құқық бұзушылық өрескел деп танылады?

Екінші. Өрескел заң бұзушылықты анықтау тәртібі келешекте қызмет бабында қандай болмақ? Рақмет.

НҰРЫШЕВ Ш.Ш. Сұрағыңызға рақмет.

Қазақстан тарапы ондай талап қоя алады. Мысалы, Түркі Академиясында қызмет атқаратын президент болсын, вице-президент болсын, олар өрескел заң бұзушылық жасаса, мысалы, ол Қазақстанның заңына, мүддесіне қарама-қайшы келсе, сай болмаса, онда Қазақстан тарапы басқа мемлекеттердің сыртқы істер министрліктерінің кеңесіне ұсыныс ретінде енгізеді, сол жерде консенсусты түрде қабылдануы керек. Шешім қабылданғаннан кейін заң бұзған адамды еліне депортациялауға бізде мүмкіндік болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Баяндамашыға басқа сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сұрақтар аяқталды. Асхат Қанатұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Тәжмағамбетова Мақпал Мазакқызына беріледі.

ТӘЖМАҒАМБЕТОВА М.М. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркі Академиясы арасындағы Түркі Академиясын орналастырудың шарттары мен тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

Заң жобасының мақсаты 2020 жылғы 16 қарашада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркі Академиясы арасындағы

Түркі Академиясын орналастырудың шарттары мен тәртібі туралы келісімді ратификациялау болып табылады. Келісімде Қазақстан Республикасындағы қызметі кезеңінде Түркі Академиясының мәртебесін, артықшылықтары мен иммунитетін, оның мүлкі мен штатын айқындау көзделеді.

Келісімді ратификациялау Түркітілдес мемлекеттер кеңесіне қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуды және Қазақстан Республикасының түркі әлеміндегі ролін арттыруды қамтамасыз етеді.

Түркі әлемінің ғылым мен білім саласындағы үйлестіруші орталығына, интеллектуалдық алаңына айналған Халықаралық Түркі Академиясы өзінің миссиясына сай міндет-мақсаттарды қолға алып, жүйелі шараларды жүзеге асырып келеді. Халықаралық ұйым түркі мемлекеттерінің, оның ішінде Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы орнын айқындауға бағытталған ізгі мақсаттарға іс жүзінде атсалысып отыр.

Ратификациялауға ұсынылып отырған келісімде халықаралық құқықтың императивтік нормаларына қайшы келетін ережелер жоқ.

Заң жобасы бойынша жұмыс тобының екі отырысы және комитеттің кеңейтілген отырысы өткізілді.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеті заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Баяндалғанның негізінде «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркі Академиясы арасындағы Түркі Академиясын орналастырудың шарттары мен тәртібі туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасын мақұлдауға және оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуге болады деп санаймыз.

Құрметті әріптестер, қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Мақпал Мазакқызы.

Құрметті әріптестер, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Сүлейменова Жұлдыз Досбергенқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕНОВА Ж.Д. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті депутаттар! Түбі бір түркітілдес мемлекеттердің рухани және ғылыми интеграциясын жүзеге асырып, көне дәуірден бүгінге дейінгі түркі әлемі тарихын, тілін, әдебиетін, мәдениетін зерттеп түркітілдес мемлекеттердің әлемдік өркениеттегі орны мен ерекше үлесін төлтума деректер негізінде зерделеген Халықаралық Түркі Академиясы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласындағы нақты жетістігі, әрі ғылыми мойындалған халықаралық ұйымы болып саналады.

Мысалы, Халықаралық Түркі Академиясының ғалымдары әзірлеген «Түркі әлемі атласы», 5 мың жылдық антропологиялық тарихымызды баяндайтын зерттеулерінде және Алтын Орданың 750 жылдығына дайындалған жинақтарда ұлы даланың мемлекеттік тарихы ғылыми дәлелденді.

Сонымен қатар, жаңа өз баяндамасында министр Асхат Қанатұлы атап өткендей, Халықаралық Түркі Академиясының Моңғолия ұлттық

академиясының Тарих және археология институтымен бірлесіп жүзеге асырған «Шивээт улаан», «Хөшөө цайдам» ғұрыптық кешендеріндегі және Қарағанды облысындағы түркі дәуірінің ескерткіші саналатын «Ащыкен сораны» кешеніндегі археологиялық экспедицияларында табылған түрлі артфактілері негізінде Ғұн, Түркі, Ұлық ұлыс мемлекеттері дәуірінде ата-бабаларымыздың киелі де қастерлі жерлерді иеленгендігі туралы, тарихымыздың терең тамырлы рухани сабақтастығы жаңаша зерделенді.

Ұлы даланың тарихи-мәдени мұрасы туралы тұтас көзқарас қалыптастыруда ежелгі түркі мемлекеттері мен қазіргі Қазақстанның тарихын тарихи-мәдени сабақтастық аясында зерделеу өзекті. Сондықтан Халықаралық Түркі Академиясына байланысты заң жобасын қабылдау Түркі мемлекеттер ұйымына қатысушы елдермен ғылыми ынтымақтастықты нығайтуға Қазақстан Республикасының түбі бір түркі елдеріндегі рөлін арттыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Заң жобасын қабылдау теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарларға әкеп соқтырмайды, қосымша қаржылық шығындарды талап етпейді.

Құрметті депутаттар, заң жобасын қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға жазылған басқа депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобасын мақұлдап, Сенаттың қарауына жіберу туралы бір ғана ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 98. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 98. Қаулы қабылданды.



*Дүркіс: құжаттаманы қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі Майя Н. Шағынтаев.*